

Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 231 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 маусымда № 7029 тіркелді.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 46-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (Қ.С. Тыныбеков) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры А.В. Кулиничке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (Қ.С. Тыныбеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
милиция генерал-майор

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

_____ А.Қ. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2011 жылғы 23 мамырдағы
№ 231 бұйрығымен
бекітілген

Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) қабылдау-тарату орындарында орналастырылған адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу тәртібін реттейді.

2. Қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау қабылдау-тарату орнының әкімшілігі мен қызметкерлеріне жүктеледі.

2-тарау. Қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамдардың жеке басын анықтау, олардың ішінен қылмыстарға қатысы бар, іздестіруде жүрген және хабарсыз кеткен адамдарды анықтау - ішкі істер органдары жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

4. Адамдардың жеке басын анықтау ішкі істер органдарының есептерін, ғылыми-техникалық, жедел-іздестіру құралдары мен тәсілдерін пайдаланып, сондай-ақ осы мақсаттарда криминалистерді, сарапшыларды, психиатрлар мен басқа да мамандарды тарта отырып жүргізіледі.

5. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамнан жауап алу ол қабылдау орнында болған бірінші тәулік ішінде жүргізіледі. Жауап алу нәтижелері осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған жауап алынған адам мен жауап алуды жүргізген қызметкер қол қояды.

Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамның сауалнамалық деректері жеке құжаттарынан, ал олар болмаған жағдайда - тексерілушінің айтуы бойынша тексеру материалдарына жазылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адам туралы мәліметтер 48 сағат ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Біріктірілген деректер банкінің есептері бойынша тексеріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жүріп-тұру еркіндігіне бастапқы шектеу қолдану туралы соттың санкциясы алынғаннан кейін адамның жеке басын анықтау бойынша мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) бұрынғы тұрғылықты, туған, жеке басын куәландыратын құжатты соңғы алған жері, жұмыс, оқу орны (сұрау салуларға тексерілетін адамның фотосуреттерін қоса бере отырып), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің "Ақпараттық сервис" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы "Арнайы есеп" бойынша;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының криминалистикалық есептері деректерінің базалары бойынша;

3) көші-қон қызметі бөліністерінің есептері (тұрғылықты жерін тіркеу, "Бүркіт" Бірыңғай ақпараттық жүйесі) бойынша сұрау салулар жолданады.

4) жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі пайдаланылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.05.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі жұмыс процесінде қабылдау-тарату орнының жедел қызметкерлері осы мақсаттарда жедел-ізвестіру қызметінің күштерін, құралдары мен әдістерін пайдаланып, құқық қорғау органдарының басқа да қызметтерімен өзара тығыз іс-қимыл жасаса отырып, "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізеді.

9. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған әрбір адамның жеке басын, жасалған қылмыстарға немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатыстылығын анықтау үшін олардан саусақ іздері алынып, суретке түсіріледі.

10. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамға "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша дактилоскопиялық карталар толтырылады және оның екі данасы полиция департаменттерінің

жедел-криминалистикалық бөліністері мен аумақтылығы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармасына жолданады";

Жедел-криминалистикалық бөліністері Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті басқармасының есептері бойынша жеке басы анықталмаған жағдайда дактилоскопиялық карталар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттандыру және байланыс департаменті арқылы Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің бас ақпараттандыру-талдау орталығының базасында жұмыс істейтін Мемлекетаралық ақпараттың банкі есептері арқылы тексеру үшін жолданады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын және Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын растайтын құжаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды орналастырған кезде олардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шаралар осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ішкі істер органдарының
қабылдау-тарату орындарында
адамдардың жеке басын анықтау
жөніндегі іс-шараларды өткізу
ережесіне 1-қосымша
нысан

Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамнан жауап алу ХАТТАМАСЫ

20 ____ жылғы ____ ____ қала(кент)

Мен, _____
(лауазымы, мекеменің атауы, атағы мен тегі)

жауап алдым.

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған жылы

3. Туған жері

4. Ұлты

5. Білімі

6. Соттылығы _____

(қашан, қандай сот, ҚК-нің қандай бабы бойынша сотталған)

және қандай мерзімге, қашан және неге байланысты босатылды)

7. Азаматтығы _____

8. Бұрын тұрған мекенжайы _____

9. Мамандығы _____

Жалпы еңбек өтілі _____

Жұмыс орны _____

(қашан, қандай лауазымда, кәсіпорынның, ұйымның атауы)

10. Өзімен бірге қандай құжаттары бар _____

(атауы, сериясы, нөмір, кім және қашан берді)

11. Әскери міндеттілігі _____

12. Денсаулық жағдайы _____

(қандай аурулары бар)

Мүгедектігі бар ма _____

(тобын, қандай құжаттарымен растайтынын көрсету керек)

Зейнетақы мөлшері _____

карттар үйі мен мүгедектерге арналған интернатта болды ма _____

(қашан, қайда)

13. Отбасы жағдайы. _____

(отбасы құрамы, тұратын мекенжайы)

14. Жақын туыстары бар ма _____

(тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жұмыс орны)

15. Бұрын қабылдау-тарату орнына орналастырылды ма _____

(қашан, қайда)

16. Себебі: _____

(отбасынан кету, жұмыстан шығу, интернат үйінен кету)

17. Қай уақыттан бастап белгілі бір тұрғылықты жері жоқ және неге _____

18. Қандай қаражатқа өмір сүрді _____

19. Тұрғылықты жерін қалдырған сол қандай облыстарда, өлкелер мен республикаларда болды _____

(немен айналысты)

20. Осы елді мекенге келу себебі _____

Осы елді мекеннің қай жерінде қонды _____

Күндіз уақытын қай жерде өткізді _____

21. Жұмысқа орналасу және тұрғылықты жерін белгілеу бойынша өзі шаралар қабылдады ма _____

қандай, қайда және қашан)

22. Келешекте қандай шаралар қабылдайтын ниеті бар _____

Басқа да мәліметтер _____

Жауап алынған адамның қолы _____

Жауап алуды жүргізген қызметкердің қолы _____

20 ____ жылғы _____